



Жеке тұлғаларға банктік шоттар ашуға қажетті құжаттар тізбесі¹

I. Резидент жеке тұлғалар үшін	
Ағымдағы шот ашу үшін	
1.	Жеке басын куәландыратын құжат *
Банк клиентке қол қою үшін ұсынатын құжаттардың нысандары	
2.	Шот ашуға өтініш-сауалнама (осы Қағидаларға 2-қосымша)
3.	Банктің ішкі порталында орналастырылған бекітілген нысандағы дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім (клиенттен және клиенттің сенімді тұлғасынан / клиенттің заңды өкілінен)
4.	Банкке қайта жүгінген және сауалнама деректерін өзгерткен немесе КЖ/ТҚҚ бойынша Қағидалардың талаптарына сәйкес мерзімдерде жаңартылған кезде клиенттің сауалнамасы (КЖ/ТҚҚ бойынша Қағидаларға 2-қосымша)
5.	FATCA сауалнамасы (белгілері болған жағдайда)
Жинақ шотын ашу үшін	
I бөлімнің 1-5 - тармақтарында көрсетілген құжаттарға қосымша Банк клиентке қол қою үшін ұсынады:	
6.	Банктің уәкілетті органы бекіткен нысанға сәйкес депозит ашу туралы өтініш (шарт)
Ескерту * цифрлық құжатты пайдалану. Шотты онлайн ашқанда талап етілмейді, өйткені клиент бойынша деректер мәліметтер/электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік деректер базасынан жүктеледі.	
Эскроу-шот ашу үшін	
I бөлімнің 1-5-тармақтарында көрсетілген құжаттарға қосымша Банк клиентке қол қою үшін келесі құжаттарды ұсынады:	
7.	Эскроу-шотты ашуға арналған шарт және Эскроу-шотты ашуға арналған өтініш (эскроу-шотты ашуға арналған шартқа 1-қосымша) немесе
8.	Мектепке дейінгі тәрбиеге мемлекеттік білім беру тапсырысын (бұдан әрі – эскроу-шотты ашуға қосылу шарты) орналастыру үшін «эскроу» режимінде ағымдағы шотты ашуға Қосылу шартына Қосылу туралы алушының өтініш-сауалнамасы және алушыларға «эскроу» режимінде ағымдағы шоттарды ашу туралы және эскроу-шот ашуға Қосылу шартына Қосылу туралы төлеушінің өтініш-сауалнамасы Банктің www.freedombank.kz сайтында орналасқан («Ваучерлік қаржыландыру» жобасы шеңберінде)
II. Бейрезидент жеке тұлғалар үшін	
Ағымдағы шот ашу үшін	
1.	Жеке басын куәландыратын құжат (екінші азаматтығы бойынша қосымша құжатты қоса алғанда (бар болса)).

¹ қажет болған жағдайда Банк қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

2.	Шот иесі Салық резиденті болып табылатын шет мемлекет (аумақ) берген салық төлеушінің шетелдік сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтерді қамтитын құжат (немесе оның баламасы) (бар болса)
3.	ҚР аумағында бейрезидент жеке тұлғаның келу/кету және болу құқығына ҚР уәкілетті органдарында тіркелгенін куәландыратын құжат (көші-қон карточкасы, виза және т.б.). Бұл талап ЕАЭО ² азаматтарына (шекарадан өткен күннен бастап ҚР аймағында 90 күннен аспайтын уақыт болғанда) және ҚР-мен визасыз келу және болу тәртібі туралы келісім жасасқан мемлекеттердің азаматтарына қолданылмайды
4.	ҚР аумағында уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсат (бар болса)
5.	Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен берілген жеке сәйкестендіру нөмірінің берілгені туралы тіркеу куәлігі
6.	Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат болмаған жағдайда, қолданылуын ескере отырып: - уәкілетті мемлекеттік органға берілген еңбек мигрантына рұқсат беру туралы өтініштің көшірмесі; - еңбек шартының немесе оқу шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі; - жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемді төлеу туралы түбіртектің көшірмесі
Банк клиентке қол қою үшін ұсынатын құжаттардың нысандары	
7.	Шот ашуға өтініш-сауалнама (осы Қағидаларға 2-қосымша)
8.	Банктің ішкі порталында орналастырылған бекітілген нысандағы дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім
9.	Банкке қайта жүгінген және сауалнамалық деректер өзгерген немесе КЖ/ТҚҚ талабы бойынша жаңартылған кезде клиенттің сауалнамасы (КЖ/ТҚҚ бойынша Қағидаларға 2-қосымша)
10.	ФАТСА сауалнамасы (белгілері болған жағдайда)
11.	Бейрезиденттермен іскерлік қатынастарды орнату кезінде ұсынылатын сауалнама (осы Қағидаларға 12-қосымша)
12.	Freedom Banker Card-ты ³ шығару кезіндегі қосымша ақпарат немесе Freedom Banker Card ⁴ шығару кезінде «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-пен іскерлік қатынастарды орнату кезінде ұсынылатын сауалнама (<i>электрондық төлем құралын шығару кезінде</i>)
Жинақ шотын ашу үшін	
II бөлімнің 1-6-тармақтарында көрсетілген құжаттарға қосымша Банк клиентке қол қою үшін келесі құжатты ұсынады:	
13.	Банктің уәкілетті органы бекіткен нысанға сәйкес депозит ашу туралы өтініш (шарт)
III. Жеке тұлғаның өкілі үшін	
I бөлімде көрсетілген құжаттар тізбесіне қосымша клиент келесі құжаттарды ұсынады:	

² ЕАЭО (Еуразиялық экономикалық одақ) - халықаралық құқықтық субъектісі бар және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартпен құрылған өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы. ЕАЭО – ға мүше мемлекеттер Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы болып табылады.

³ Электрондық төлем құралын шығару аясында Банкпен бекітілген үлгі (*клиент-бейрезидент брокердің – ҚР резидентінің клиенті болып табылған жағдайлар үшін*)

⁴ Электрондық төлем құралын шығару аясында Банкпен бекітілген үлгі (*клиент-бейрезидент брокердің – ҚР резидентінің клиенті болып табылған жағдайлар үшін*)

1.	ҚР заңнамасына сәйкес уәкілетті тұлғаға (жеке тұлғаның ата-аналарына немесе өзге заңды өкілдеріне) сенімхат беру талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, банктік шотты ашу және (немесе) оған билік ету құқығына нотариалды куәландырылған сенімхат. Бұл ретте сенімхат клиенттің сенім білдірілген тұлғасының сенім білдірушінің атынан оның дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісім беру өкілеттігін қамтуға тиіс
2.	Клиенттің сенімді тұлғасының жеке басын куәландыратын құжат*
3.	Клиенттің (шот иесінің) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа) клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынуға жол беріледі
4.	Заңды өкілдің мәртебесін растайтын құжат
Ескерту	
* Цифрлық құжатты пайдалану	
IV. Кәмелетке толмаған адамның атына I бөлімде көрсетілген құжаттар тізбесіне қосымша	
1.	Заңды өкілдердің жеке басын куәландыратын құжат
2.	Туу туралы куәлік – 16 жасқа толмаған кәмелетке толмаған клиенттер үшін
3.	Жеке басын куәландыратын құжат (соның ішінде туу туралы куәлік) – 16 жасқа толған кәмелетке толмаған клиенттер үшін
4.	Заңды өкілдің мәртебесін растайтын құжат (ата-аналар үшін – неке қию туралы куәліктің көшірмесі; бала асырап алушылар үшін – бала асырап алу туралы куәлік)
5.	а) заңды өкілдің ағымдағы/жинақ шотты ашуға және (немесе) ол жердегі ақшаға иелік етуге нотариуспен куәландырылған келісім – кәмелетке толмаған тұлға өз бетімен шотты ашқан кезде ⁵ және ⁶ (карталық өнімдер аясында шоттарды ашуды қоспағанда); б) заңды өкілдің (тиісті карталық өнім аясында) төлем картасының шотын және жинақ шотты кәмелетке толмаған тұлғаға ⁵ онлайн режимінде/Банкке жүгінген кезде ашуға арналған келісімінің үлгілік нұсқасы.
6.	Жоғарыда көрсетілген келісімді берген заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттар (егер заңды өкілдердің нотариалды куәландырылған келісімі ұсынылған болса, көшірмелерін ұсынуға жол беріледі)
7.	Эмансипацияланған кәмелетке толмағандар үшін ⁷ : қорғаншылық және қамқоршылық органының шешімі немесе соттың баланы эмансипацияланған кәмелетке толмаған деп тану туралы шешімі.
V. Әрекетке қабілетсіз / әрекет қабілеті шектеулі / кәмелетке толмаған клиенттің атына қорғаншы (қамқоршы) жүгінген кезде I бөлімде көрсетілген құжаттар тізбесіне қосымша	
1.	1) Клиентті әрекетке қабілетсіз/әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы сот шешімі;

⁵ 14 (он төрт) жас пен 16 (он алты) жас аралығындағы клиент

⁶ 16 (он алты) жас пен 18 (он сегіз) жас аралығындағы клиент

⁷ Эмансипацияланған кәмелетке толмаған адам банкке жүгінген кезде банк қызмет көрсетуді банктік қызмет көрсету жөніндегі ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

	<ol style="list-style-type: none">2) қорғаншы (қамқоршы) тағайындау туралы қорғаншы және қамқоршы органның шешімі, қорғаншы және қамқоршы органдар берген, оның қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалғанын растайтын құжат;3) қорғаншының (қамқоршының) жеке басын куәландыратын құжат;4) клиенттің жеке басын куәландыратын құжат;5) қорғаншы (қамқоршы) жүзеге асыратын мүлікке, соның ішінде клиенттің банктік шотындағы ақшаға билік етуге қорғаншы және қамқоршы органының рұқсаты)
--	--

**VI. Жеке тұлғаларға арналған арнайы ағымдағы шот
I бөлімнің 1-5-тармақтарында көрсетілген құжаттарға қосымша**

1.	<ol style="list-style-type: none">1) алименттерді есепке алу үшін (кәмелетке толмағандар мен еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға арналған ақша):<ul style="list-style-type: none">• Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекске сәйкес жасалған алименттерді (кәмелетке толмағандарды және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) өндіріп алу туралы сот актісінің (кәмелетке толмағандарды және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) немесе алименттерді төлеу туралы нотариат куәландырған келісімнің көшірмесі.2) БЗЖҚ-дан білім алу төлемдері үшін мақсатты жинақ⁸ төлемдерінің нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылғанын растау үшін:<ul style="list-style-type: none">• клиент немесе оның заңды өкілі мен ҚР аумағында орналасқан білім беру ұйымы арасында білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт және білім беру қызметтеріне ақы төлеуге арналған құжат;• клиент немесе оның заңды өкілі мен шетелдік білім беру ұйымы арасында білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт, сондай-ақ клиенттің шетелдік білім беру ұйымына қабылданғанын растайтын құжат (шарт пен құжат шет тілінде жасалған жағдайларда нотариалды куәландырылған аударманы қоса бере отырып) және білім беру қызметтеріне ақы төлеуге арналған құжат;• мемлекет уәкілеттік берген ұйымның кепілдігімен білім беру кредитін беруге арналған банктік қарыз шарты.3) тұрғын үй төлемдерін есепке қосу үшін:<ul style="list-style-type: none">• Ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушы туралы анықтама (осы Қағидаға 16-қосымша) немесе Біржолғы тұрғын үй төлемдерін алушы туралы анықтама (осы Қағидаға 17-қосымша);• Тұрғын үй төлемдері туралы шарт.4) ротациялық төлемдерді есепке қосу үшін:<ul style="list-style-type: none">• Ротациялық төлемдер туралы шарт.
-----------	---

Ескерту

ҚБҚ жүйесі арқылы ашылған шоттар бойынша, ҚБҚ жүйесі арқылы бұрын сәйкестендіруден өткен Клиент Банк бөлімшесіне жүгінген жағдайда тиісті құжаттар Клиенттің электрондық деректемесіне қолмен жүктеледі

⁸ Техникалық іске асырылғанда